

16. Paddu G., Rothammer P., Rothammer F. *Geneticheskij i evolyucionnyj vklad v etiologiyu sindroma deficita vnimaniya i giperaktivnosti* - 2017. - 5(1) - S. 54-57. <https://doi.org/10.1007/s40142-017-0114-9>
17. Stivens M.K., Perlson G.D., Kahun V.D., Bessett K.L. *Funkcional'nye nejrovizualizacionnye dokazatel'stva nalichiya razlichnyh nejrobiologicheskikh putej pri sindrome deficita vnimaniya/giperaktivnosti. // Biologicheskaya psixiatriya, nejrovizualizaciya.* - 2018. - 3(8). S. 675-685. <https://doi.org/10.1016/j.bpsc.2017.09.005>
18. Gal'perin Yu.M., Marks D.Dzh. *Obzor praktikuyushchego vracha: ocenka i lechenie detej doshkol'nogo vozrasta s sindromom deficita vnimaniya i giperaktivnosti // Zhurnal detskoj psihologii.* - 2019. - 60(9). S. 930-943. <https://doi.org/10.1111/jcpp.13014>
19. Fyummeler B.F., Shen J., Shekhter Dzh.K., Do E.i dr. *Svyaz' mezhdu simptomami sindroma deficita vnimaniya i giperaktivnosti i pishchevym povedeniem v rannem detstve // Pediatriya.* - 2020. - 15(7). e12631. <https://doi.org/10.1111/ijpo.12631>
20. Druker K., Hennessi N., Maccuchelli T., Bejlbi Dzh. *Simptomy sindroma povyshennogo deficita vnimaniya i giperaktivnosti u zaikayushchihsya detej. // Psihicheskie rasstrojstva.* - 2019. - 59. S. 80-90.
21. Faraone S.V., Rostejn A.L., Blejder Dzh. i dr. *Obzor praktikuyushchego vracha: Emocional'naya disregulyaciya pri sindrome deficita vnimaniya i giperaktivnosti – posledstviya dlya klinicheskogo raspoznavaniya i vmeshatel'stva // Detskaya psihologiya i psixiatriya.* - 2019. - 60(2). S. 133-150. <https://doi.org/10.1111/jcpp.12899>
22. Konners S.K. *Peresmotrennaya rejtingovaya shkala Konnersa: Tekhnicheskoe rukovodstvo.* - Nort-Tonavanda, shtat N'yu-Jork: Mul'timeditsinskie sistemy. - 1997. S. 33-41
23. Glozman Yu.M., Soboleva A.E. *Nejropsihologicheskaya diagnostika shkol'nikov.* – M.: Smysl. - 2013. – 213 s.
24. Glozman Yu.M. *Nejropsihologicheskoe obsledovanie: kachestvennaya i kolichestvennaya ocenka dannyh.* – M.: Smysl. - 2012. – 302 s.
25. Mahouni E.M., Denkla M.B. *Sindrom deficita vnimaniya i giperaktivnosti: istoricheskij nejropsihologicheskij vzglyad // Nejropsihologiya.* - 2017. - 23(9-10). S. 916-929. <https://doi.org/10.1017/S1355617717000807>
26. Korteze S., Ferrin M., Brandejs D., Buitelaar Dzh. i dr. *Kognitivnaya trenirovka pri sindrome deficita vnimaniya i giperaktivnosti: metaanaliz klinicheskikh i nejropsihologicheskikh rezul'tatov randomizirovannykh kontroliruemykh issledovanij // Detskaya i podrostkovaya psixiatriya.* - 2015. - 54(3). - S. 164-174. <https://doi.org/10.1016/j.jaac.2014.12.010>
27. Lin Yu.Dzh., Gau S.F. *Differencial'noe nejropsihologicheskoe funkcionirovanie podrostkov s sindromom deficita vnimaniya i giperaktivnosti s rasstrojstvom povedeniya i bez nego.* - 2017. - 116(12). S. 946-955. <https://doi.org/10.1016/j.jfma.2017.02.009>
28. Yuliya S., Luis K. *Kachestvennyj sindromnyj analiz metodom nejropsihologicheskogo obsledovaniya u doshkol'nikov s sindromom deficita vnimaniya s giperaktivnost'yu // Psihologiya v Rossii: Sovremennoe sostoyanie.* - 2015.- 8(3). S. 112-123.

FTAMP 14.25.09.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.027>

А.Т. Мырзахметова^{1*}, Б.Ө. Сманов¹, А.Б. Жапарова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

5-6 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІ ЕРТЕГІ ЖАНРЫН ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақалада ертегілерді эйдос-конспект арқылы оқытудың тиімділігі туралы жазылған. Көркем шығарманы талдаудың аталмыш түрі ертегілердің идеясын ашуға қызмет ететін көркемдегіш құралдарды, образдар жүйесін, іс-әрекеттерін, оның өзіндік себептерін басқа да қырларынан танып-білуге мүмкіндік болатынына ерекше назар аударылады, осы мәселе нақты мысалдар арқылы айқындалады. Ертегіні талдау кезінде эйдос-конспектіні пайдаланудың тиімді екені, оқушылардың

ерекше шығармашылықпен белсенді түрде жұмыс істеп, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының артуына ықпал ететіні олардың талдаған жұмыстары негізінде айқындалады. Көркем туындыны (ертегіні) талдау кезінде әр оқушының ерекше ойлау қабілеті де артады, олар талдау барысында бірінен-бірі асып кетуге тырысып, ойларын креативті түрде беруге ұмтылады, демек эйдос-конспект арқылы жоғарыда айтылған қасиеттер мен дағдылар ғана емес, көшбасшылыққа да жол ашылады. Және де ертегі арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекеттері жүзеге асады, зерттеу дағдылары қалыптасады, оларды дамыту барысындағы эйдос-конспектінің өзіндік орны анықталып, оқушылар талдаған ертегілерден мысалдар берілу арқылы дәлелдер ұсынылады. Оқушылар эйдос-конспект негізінде тірек сызбалар беруі мүмкін, өз ойларын, талдауларын қағазға түсіру арқылы бейнелі түрде ойлауға машықтанады, логикасы дамиды, нәтижесінде оқу үлгерімі де артады. Ертегілерді талдауда негізгі тірек сөздерді дәл табуға ұмтылады, туындыны өз деңгейінде қабылдай отырып, әдеби-теориялық ұғымдарды да нақты мысалдар негізінде түсініп, талдау жасай алатын болады. Мақалада осы мәселелер оқушылардың жұмыстары арқылы нақты айқындалды.

Түйін сөздер: эйдос-конспект, танымдық іс-әрекет, шығармашылық қабілет, сыни тұрғыдан ойлау, ертегі.

Мырзахметова А.Т.,^{1} Сманов Б.Ө.,¹ Жапарова А.Б.¹*
*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА КАК СРЕДСТВА ОБУЧЕНИЯ ЖАНРУ СКАЗКИ УЧАЩИХСЯ 5-6 КЛАССОВ

Аннотация

В статье описывается эффективность эйдос-конспекта. Особое внимание уделяется тому, что данный вид анализа художественного произведения предоставляет широкие возможности для понимания системы образов, действий, мотивов, художественных средств, которые служат раскрытию идеи сказок на конкретных примерах. На основе проанализированных работ учащихся выявлено, что использование эйдос-конспекта при анализе сказки более эффективно в процессе обучения и способствует формированию навыков критического мышления учащихся, активно работающих с такими уникальными произведениями.

В ходе анализа художественного произведения (сказки) через эйдос-конспект у каждого ученика активизируется мыслительная деятельность, формируются навыки творческого изложения, умения конкурировать друг с другом и открывается путь к лидерству. Через сказки осуществляется не только познавательная деятельность учащихся, но и формируются их исследовательские навыки. В статье выявлено место эйдос-конспекта в процессе обучения, а также представлены аргументы с примерами из сказок, проанализированных учащимися. Учащиеся на основе эйдос-конспекта могут предоставлять опорные рисунки, практиковать наглядное мышление, записывая свои мысли и анализы на бумаге, развивать логику, что в результате положительно отражается в целом на их успеваемости. В процессе анализа сказок учащиеся стремятся точно определить главные ключевые слова, воспринимать произведение на своем уровне, понимать и анализировать литературно-теоретические понятия на основе конкретных примеров. В статье эти вопросы были раскрыты на основе анализа работ учащихся.

Ключевые слова: эйдос-конспект, познавательная деятельность, творческие способности, критическое мышление, сказка.

Myrzakhmetova A.,^{1} Smanov B.,¹ Japarova A.¹*
¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE USE OF THE EIDOS-SYNOPSIS AS A MEANS OF TEACHING THE GENRE OF FAIRY TALES TO THE GRADES OF 5-6

Abstract

The article describes the effectiveness of eidos-prospective learning in the study of fairy tales. Particular attention is paid to the fact that this type of analysis of a work of art provides ample opportunities for

understanding the system of images, actions, motives, artistic means that serve to reveal the idea of fairy tales on concrete examples. Based on the analyzed works of students, it was revealed that the use of an eidos synopsis when analyzing a fairy tale is more effective in the learning process and contributes to the formation of critical thinking skills of students who actively work with such unique works.

During the analysis of a work of fiction (fairy tale) through an eidos synopsis, each student's mental activity is activated, creative presentation skills are formed, the ability to compete with each other and the path to leadership opens. Through fairy tales, not only the cognitive activity of students is carried out, but also their research skills are formed. The article reveals the place of the Eidos synopsis in the learning process, and also presents arguments with examples from fairy tales analyzed by students. Students on the basis of an eidos abstract can provide reference drawings, practice visual thinking, writing down their thoughts and analyses on paper, develop logic, which as a result has a positive effect on their overall academic performance. In the process of analyzing fairy tales, students strive to accurately identify the main reference words, perceive the work at their own level, understand and analyze literary and theoretical concepts based on concrete examples. In the article, these issues were revealed based on the analysis of students' work.

Keywords: eidos-synopsis, cognitive activity, creativity, critical thinking, fairy tale.

Негізгі ережелер. Қазақ халық ертегілері – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болғандықтан, ол бала тәрбиесіндегі тәрбиенің айнымас көмекші құралы ретінде қолданылады. Сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді. Қазақ халық ертегілері – балаларға түсінікті тілде өмір туралы, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді. Ертегілер өмір бойғы тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Ертегі ойлау қабілетін, қиялдауға да көп септігін тигізеді.

Ең алдымен, оқушыларға ертегіні оқыту, мазмұнын толық меңгерту мәселесін қарастыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау. Пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды қамтып, мазмұндату мәселелерін ойластыру.

Мақаланың мақсаты, мектеп оқушыларын, оның ішінде бастауыш сыныптағы балалардың өзін қанаттандырып, қиял әлеміне, арман биігіне жетелеп, жақсылыққа, ізгілікке сендіріп, батырлыққа, ерлікке елтіп, халық туындыларына деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Кіріспе. Тәрбие отбасынан басталып, мектепте жалғасын табады, әр шығарма арқылы оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді біртіндеп сіңіруге болады. Ал сол мектеп оқушыларының әдебиет сабағына деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыру – бүгінгі таңда білім беру саласындағы ең өзекті мәселе. Білім берудің тиімділігі оқушылардың аталмыш үрдістегі белсенділігімен тығыз байланысты. Ал олардың танымдық іс-әрекеттерін арттыру ісінде қазақ әдебиеті пәнінің орны бөлек. Өйткені бұл сабақта тек білім алып қана қоймай, сонымен қатар адамгершілік, оның өзіндік заңдылықтары туралы түсініп, адам болып қалыптасуға ұмтылады. Әсіресе, баланың қиялын ұштап, армандарын орындауға жетелейтін жанрдың бірі – ертегілердің алатын орны ерекше. Оның ерекшелігін ғалым К.Ісләмжанұлы атап өтеді: «Балалар күнделікті өмірде ересектер аузында айтылатын магиялық фольклордан бастап, аңыз-әңгімелерге дейін үйреніп, жаттап, соларға еліктеп айтып жүреді. Солардың ішінде, әсіресе, ертегілердің алдыңғы алдыңғы орында тұратыны белгілі» [1].

Әр халықтың фольклорды өз мәдениетінің бастауы ретінде қабылдайтыны сөзсіз. Қаншама ғасырлар, жылдар өтіп, түрлі жағдайларға байланысты көз жазып қалған мұралардың түп негізін фольклордан тауып жататынымыз шындық. Фольклор – мәдениет бастауы болуымен қатар, тәрбие құралы, халық әрбір жанр арқылы жас ұрпақты ізгілік пен адамгершілікке баулуға баса назар аударған.

«Бізге мұра боп жеткен сөз өнеріміз ерте заманнан бері үш түрлі болғаны және олардың бір-бірімен қатар ғұмыр кешіп, дамығаны ақиқат. Олар – фольклор, авторлық ауыз әдебиеті және жазба әдебиет. Фольклор – есте жоқ ескі рулық заманда туып, біздің дәуірімізге жетіп, бүгінгі мәдениетіміздің бір бөлігі болып отыр» [2].

«Фольклор» сөзі бүгінгі күнге дейін қолданып келген «халық ауыз әдебиеті» деген мағынасын кеңейтіп, халықтық өнердің біраз салаларын да қамтыған. Оның құрамына кіретін әр саланың өзіндік

тәлім-тәрбиелік мәні бар, демек, фольклордың тәрбиелік, танымдық мәні кең. Әрі фольклор тек жас жеткіншектер үшін ғана емес, рухани азық ретінде жалпы адамзатқа арналған, сұлулыққа бағыттап, эстетикалық таным-түсінік қалыптастырған. Соның ішінде жасөспірімдердің қиялын ұштап, армандарына жетелеп, таным-түсінігін арттыруда ерекше құрал болып табылатын жанр – ертегілердің орны ерекше.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақаласының материалы ретінде «Керқұла атты Кендебай», «Аяз би» ертегілері алынды. Зерттеу барысында салыстыру, талдау әдістері, сонымен қатар түсіндірме әдісі мен сипаттама әдістері қолданылды. Ертегілерді әдеби талдау мәтінде қолданылатын негізгі кейіпкерлерді (оң және теріс) және бейнелерді сипаттауды талап етеді. Салыстыру әдісін сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады, сонымен қатар, егер салыстыру қолданылса, талдау әдісі оны бүкіл сабақ барысында қолдануға болады. Жұмыстың құрылымы мен формасы оқушылардың білім деңгейіне және оқу тәжірибесіне байланысты болады. Ертегілерді салыстырмалы зерттеудегі маңызды әдістемелік міндет-оның жанрын ескере отырып, ерекшеліктер туралы идеяларды қалыптастыру, сонымен қатар ұлттық ерекшеліктерді анықтау. Гуманитарлық деп аталатын сипаттамалық әдістерге интроспекция, өзін-өзі есеп беру, бақылау, эмпатикалық тыңдау, әңгіме, өмірбаяндық әдіс, герменевтика (мәтінді түсіндіру) жатады.

Нәтижелер мен талқылау. Халық ауыз әдебиетінде көп қилы, мағынасы терең туындылар баршылық. Солардың бірі – ертегілер. Ауыз әдебиетінің көрнекті жанрының бірі ертегінің мақсаты – тыңдарман қауымға тәлім-тәрбие бере отырып, эстетикаға баулу, сұлулықты сезіну. Аталмыш мақсат ертегінің оқиғасын неғұрлым көркем, қызықты етіп баяндап беру арқылы жүзеге асады. «Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр. Ертегілер өтірік болғанымен мағынасыз болмайды, көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнегелі келеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі» деп А.Байтұрсынов айтқандай [3], яғни, ертегіде ақиқат негізге алынбайды, ертегіші де оның тарихи сипатын көрсетуге ұмтылмайды. Ертегі сюжеті бас кейіпкерді идеал етіп көрсете отырып, оның қимыл, іс-әрекеттерін беруде әсірелеуге, қиял-ғажайыпқа жол береді. Қиял-ғажайып оқиғалар ертегі жанрында идеялық мақсат үшін де қолданылады әрі идеологияның да қызметін атқара алады, сонымен қатар оларды тәрбие құралы ретінде қарастыруға болады.

Ертегілерді жете түсініп, талдай білу, оқушылардың қызығушылығын, шығармашылық қабілеттері мен бейнелі түрде ойлауын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы, эйдос-конспект.


Эйдос (греч. *eidos* – вид, образ). 1) термин древнегреческой философии и литературы, первоначально (как и «идея») означал «видимое», «то, что видно», «наружность» (Гомер), затем – конкретную явленность, видимую сущность (Парменид), субстанциальную идею (Платон), форму (Аристотель)... [4].

Эйдос-конспект оқушының алған біліміне сыни тұрғыдан қарауына, өз бетімен ізденуіне, белгілі бір шындықты дәлелдеп көрсетуіне, саналы әрі сапалы түрде білім алуына жол ашады. Оқушының пәнге, көркем шығармаға деген қызығушылығын арттырып, оның дами түсуіне, жан-жақты білім алып, ізденуіне жағдай тудырады.

Эйдос-конспектінің бірнеше түрі белгілі, соның ішінде түрлі сурет, фото, коллаж түрінде жүзеге асып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік тудыратын көркемдік түрі әдебиет сабағы үшін өте қолайлы. Оқушылар компьютерге тәуелді болып қалмай, өз ойларын жеткізуде түрлі-түсті бояу-қарындаштармен жұмыс істей отырып, көркем шығарманы қабылдау, ондағы түрлі ұғымдармен танысу, сурет салу, сауатты түрде сөйлем құру сияқты дағдылардың басын біріктіре алады.

Эйдос-конспектінің бұл түрі сурет салумен шектеліп қалмайды. Дегенмен оқушы сурет салу үшін де ойланады. Ертегідегі бас кейіпкерді кімнің (ненің) бейнесінде көреді, ол зат/құбылыспен қандай байланысы бар, бейнені ашуға логикалық тұрғыда қаншалықты сәйкес келеді деген сұрақтарға іштей жауап іздейді. Осыдан кейін ғана суретті сала отырып, мәтіннен оның мазмұнын ашуға қызмет етіп тұрған тірек сөздерді, белгілі бір тұжырымдарды іздеп тауып, өзіндік қорытынды ойларын жазады. Осы іс-әрекеттердің барлығы оқушыларды терең ойлануға, өз ойына сыни тұрғыдан қарай білуге баулиды. Ертегінің сюжеті, құрылымы, кейіпкерлерінің барлығы оның басты идеясын жеткізуге себепші болады. Осы ретте оқушы эйдос-конспект арқылы ертегінің негізгі идеясын ашуға әрекет етеді. Яғни, эйдос-конспект оқушының ертегі идеясын жете түсінуіне, меңгеруіне себепші болады. Оқушының ертегінің ішінен тірек сөздер, негізгі ойлар деп іріктеп, екшеп алған үзінділерінен оның

Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы – сауысқан деймін» т.б. алады [8].



2-сурет. «Аяз би» ертегісі негізінде жасалған эйдос-конспект

Оқушы Аяз биді қыранның бейнесінде көреді. Қыран – өте алғыр, қуатты болады. Аяз би де қыран құс сияқты алғыр, зерек.

Аяз би алғырлығының арқасында хан жұмбағын мүдірмей шешіп, көптеген жетістіктерге қол жеткізген деген ой айта отырып, көпшіліктен қара үзіп алға шыққан дара тұлғаның дамып, өсуіне мүмкіндік берілмейтіні сияқты, қыран құсты да аяғынан тартып байлап, оның өспеуінің бастапқы себептері ретінде «кедейлік», «жоқшылық», «жалшылық» деген сөздерді жазып, қызыл шынжырдың суретін салады, ал ханға жолыққан кезін тау арқылы беріп, хан қанша қолдаса да, бой бермей жатқан тұсын «қырық уәзір», «қыздың ағаларды, өлім жазасы», «Барсақелмес» деген сөздер арқылы жеткізіп, жоғары көтерілген кезеңін «ақыл-ой», «ақылды әйел, отбасы», «тапқырлық, сабырлылық» деген сөздерді жазып, үзілген жасыл шынжырмен бейнелеп, Аяз бидің хан болғанын жұлдызы жанды деген мағынада жұлдыздың суретін салу арқылы жеткізеді. Эйдос-конспект арқылы осылайша талдау оқушының ертегіні, оның идеясын терең түсінуіне жол ашты.

«Қазақ батырлық ертегілерінің ішіндегі ең көнелерінің бірі – «Керқұла атты Кендебай». Бұл ертегінің сюжеті – кейіпкердің өмірбаяны да, тақырыбы – ерлікпен үйлену және жаудан кек алу. Демек, бұл нағыз классикалық түрдегі көне ертегі» деп бағалайды ғалым С.Қасқабасов [9].

Батырлық ертегінің ішіндегі ең көнесі болса да, оқушылар «Керқұла атты Кендебайды» өте жақсы қабылдап, белгілі бір дәрежеде өздері де Кендебай сияқты болғылары келеді. Батыр сияқты дәулермен алыспаса да, оның елін қорғауы жолындағы ерліктерін мақтан тұтып, өздеріне күш-жігер алады, бұның өзі ертегінің патриоттық тәрбие берудегі рөлін танытса керек.

Аталмыш ертегіні әр оқушы әртүрлі талдады. Мысалы, Ж. есімді 5-сынып оқушысы «Керқұла атты Кендебай» ертегісін эйдос-конспект арқылы төмендегідей талдауға ұмтылды.



3-сурет. «Керқұла атты Кендебай» ертегісі негізінде жасалған эйдос-конспект

Оқушы ертегіні мұқият оқи отырып, Кендебай бейнесін жүрек түрінде береді. Өйткені жүрек – батылдықтың, ал оның ішінде салынған антириум – гүлдер тілі бойынша батылдықтың, өзгешеліктің белгісі деген ой айтады. Кендебай да антириум гүлі сияқты өзгеше ұқсамайды, оның бойында батылдық бар, ержүрек батыр. Сол үшін оны осы екеуінің бейнесінде көрдім деп, кілт сөздер ретінде «торсық шеке ұл», «Керкұла ат», «батыр», «алты аққу», «бала», «жау», «алтын құйрық», «жеті басты дәу», «арыстан», «кемпір», «алтын кебіс» сөздерін, негізгі ойларға «Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті», «Керкұла сағат сайын емес, минут сайын өсіпті», «Бала еңіреп жылап жүр екен», «Кендебай сал мұнда ма, Керкұла аты қолда ма?», «Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды» [10], «Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін. Намыс іздеп жүрмін дейді Кендебай» [11] деген жолдарды алып, «Кендебай – елінің қамын ойлаған батыл әрі батыл адам» деген қорытындыға келеді.

Яғни, ертегі эйдос-конспект іспеттес қызықты формат арқылы оқушы есінде ұзақ сақталады. Себебі олардың ойында оқыған мәтінге қарағанда оны талдағанда өзі салған сурет көбірек есінде қалады. Мұғалім де осы әдіс арқылы оқушының ертегіні қаншалықты түсінгенін біле алады. Сол сияқты оқушы өзіндік ой-пікірін білдіріп, оны қорғау арқылы көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдыланады, шығармашылық тұрғыда белсенді болады, ойлау, елестету, есте сақтау сияқты қабілеттері, сабаққа деген ынта-жігері, белсенділігі артады.

Демек, эйдос-конспект оқушының мәтінді оқып қана қоймай, оны түсініп, талдау барысында өз бетімен ізденуіне, кеңінен ойланып, шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуіне, өз жұмысына сын көзбен қарауына, өткен материалдарды жүйлеп отыруына жол ашады.

Бүгінгідей технология белең алған заманда жас ұрпақ тәрбиесі ең басты мәселе болып табылатындықтан, олардың тәрбиесін фольклормен, әдебиетпен ұштастыру – өте ұтымды тәсілдердің бірі. Бұл нәрсені оқушының өзі байқамауы да мүмкін. Алайда эйдос-конспект оқушының есінде ұзақ сақталып қалатын көркем ойды жеткізудің ең оңтайлы тәсілі. Егер оқушы мәтінді тиісті деңгейде талдай алса, бұл мұғалімнің өзіндік мақсатына жеткенін білдіреді.

Ертегідегі бас кейіпкер адал, еңбекқор, халқының қамын ойлаған ер-азамат ретінде суреттеледі. Бұндай сипат аталмыш еі ертегіде де бар. Мысалы:

«...Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» деп, көңілін басушы еді» немесе «...Аң аулап, әкесіне жәрдемдесті, бара-бара құлан алыпты, құралайды көзге атқан мерген болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты...Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды» [12].

Осы ретте М.Әуезов: «Ертегілерден көрінетін бір ерекшелік – ондағы жұпыны адамның қуатына өзгеше сену бар. Мол, жарқын наным бар екенін аңғарамыз. Бұл адам – еңбек, қайрат, қажырлы, қимыл-әрекет адамы...» дегеніндей [13], оқушы Аяз би, Кендебай сияқты бас кейіпкердің адал еңбек, ақыл-ой, таза ниет, кең пейіл, әділдіктерінің арқасында жүргендерін, соның нәтижесінде жетістіктерге жетіп, халық құрметіне бөленгендерін түсініп, сол бас кейіпкерлер бейнесін талдау арқылы шығарманың тақырып, идеяларын айқындауға ұмтылған.

Қорытынды. Ертегілерден кілт сөздерді, негізгі ой-тұжырымдарды екшеп алып шығу оңай жүзеге асатын нәрсе емес, әбден ойлану қажет, себебі сол сөздер мен ойлар ертегінің мән-мағынасын, басты идеясын ашуға негіз болады, оларды дұрыс анықтамайынша мәтінге дұрыс талдау беру қиынға соғады. Өйткені мәтіннің идеясы әр нәрседе көрініс табуы мүмкін, мысалы, кейіпкерлер, олардың іс-қимылдары, ақыл-ой, парасаты, танымы, ой өрісі, қоршаған ортаға деген көзқарастары арқылы да жеткізілуі әбден мүмкін. Яғни кейіпкерлерге талдау беру нәтижесінде де негізгі ойды анықтауға, терең талдау беруге болады. Оның үстіне бір ертегінің өзін әр оқушы әртүрлі қабылдап, түрліше талдауы мүмкін, яғни осы ретте эйдос-конспект шығарманы жан-жақты талдауға мүмкіндік тудырады.

Қ.Бітібаева өз еңбегінде: «Талдау кезінде оқушының шығарманы қабылдауына, алған әсеріне, өзіндік көзқарастарын дамытуға баса назар аударылып, шығарманы өнердің туындысы есебінде түсінуіне әсер ете отырып, оны талдау кезінде оқушының таным-түсінігін, қарым-қабілетін, сыни

ойлау деңгейін арттыру, шығарманы талдау әдістерін үйретіп, терең меңгерте білу, жалпы кешенді талдауға баулу іспетті мақсаттар алға қойылады» [14] деп жазылғандай, эйдос-конспект оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуін арттырып, ой-өріс, қиялын ұштап, ертегіні кеңінен талдауына мүмкіндік береді.

Эйдос-коспектіні үй тапсырмасы ретінде беруге немесе қорытынды бақылау жұмысы түрінде қабылдауға болады. Оқушылар асықпай, әбден ойланып, кішігірім зерттеу жұмысын жүргізгендей болып ғылыми әрі шығармашылық тұрғыда жұмыс істейді. Көркем шығарманы қызығушылықпен барынша талдауға ұмтылады. Қалай болғанда да эйдос-конспект сабақтың, өтілетін тақырыптың ажырамас бір бөлігі, сондықтан да оны ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде дамытуға болады. Өйткені көркем шығармаларды біраз нәрсе жасырын, оқырман назарынан қалтарыс тұратын кездер болады, уақыт өткен сайын әрбір ұрпақ әр шығармаға өз заманы тұрғысынан қарап, өзіндік көзқарастарының нәтижесінде ретінде талдайды, бірақ ол көркем шығарманың негізгі идеясын ашуға бөгет болмайды. Қай ғасыр, қай кезең болса да, қаламгер мен оқырман арасында өзіндік диалог қалыптасып, оқушы сыни көзқарасы тұрғысынан көркем шығармаға талдау жасайды, бұл ретте эйдос-конспект оған бірден-бір көмекші бола алады. Жоғарыда оқушылардың ертегілерді талдауы – оның айқын дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ісләмжанұлы К. Рухани уыз.-Алматы: Ана тілі, 1995.-146 б.*
2. *Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том.-Алматы: ҚАЗАқпарат, 2008.-812 бет*
3. *Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т. I.-384 б.*
4. *Энциклопедический словарь юного литературоведа.-2-е изд. Москва: Педагогика-Пресс, 1998.-423 с.*
5. *Жұмбаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 2013.- 376 бет.*
6. *Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Ел-шежіре, 2013, Т.5.-384 бет*
7. *Ақтанова А.С., Жүндібаева А., Жұмекенова Л. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Атамұра, 2018, 128-бет*
8. *Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2017, 153-бет*
9. *Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер.-Астана: Аударма, 2002.-584 бет*
10. *Ақтанова А.С., Жүндібаева А. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Атамұра, 2017, 162-бет*
11. *Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2017, 120-бет*
12. *Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.75. Ертегілер.-Астана: Фолиант, 2010.-332-бет*
13. *Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы.-Алматы: Дәуір, 2014, 28-том: Мақалалар, зерттеулер, әңгіме, пьеса.-440 б.*
14. *Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы.-Астана: Дарын орталығы, 2010.-242 бет*

References:

1. *Islámjanuly K. Rýhanı ýyz [Spiritual union].- Almaty: Ana tili, 1995.-146 b.*
2. *Qazaq ádebietiniń tarihy [History of Kazakh literature]. On tomдық. 1-том.-Almaty: Qazaqparat, 2008.-812 bet*
3. *Baitursynov A. Alty tomдық shyǵarmalar jınaǵy [Collection of works in six volumes].-Almaty: El-shejire, - 2013. T. I.-384 b.*
4. *Ensiklopedisesku slovar ıynogo literatýrovede [Encyclopedic Dictionary of young literature].-2-e izd. Moskva: Pedagogika-Pres, 1998.-423 s.*
5. *Jumabaev M. Shyǵarmalary (ádebi basylım) [Works of M. Zhumabaev (literary publication)]. 2-том: Áńgime, ǵylymı eńbek, maqalalar, aýdarmalar, jariaalanbaǵan óleńder / Qurast. Sándibek Jubanazov. - Almaty: Jazýshy, 2013.- 376 bet.*
6. *Aimaýytov J. Alty tomдық shyǵarmalar jınaǵy [Collection of works in six volumes].-Almaty: El-shejire,-2013, T.5.-384 bet*

7. Aqtanova A.S., Jündibaeva A., Jumekenova L. *Qazaq ádebieti. Jalpy bilim beretin mekteptiń 6-synybyna arnalǵan oqylyq [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of a comprehensive school].-Almaty:Atamura, 2018, 128-bet*

8. Kerimbekova B., Muqanova J. *Qazaq ádebieti. Jalpy bilim beretin mekteptiń 6-synybyna arnalǵan oqylyq [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of a comprehensive school].-Almaty: Mektep, 2017, 153-bet*

9. Qasqabasov S. *Janazyq. Ár jylǵy zertteýler [Zhanazyk. Research from each year].-Astana: Áydarma, 2002.-584 bet*

10. Aqtanova A.S., Jündibaeva A. *Qazaq ádebieti. Jalpy bilim beretin mekteptiń 5-synybyna arnalǵan oqylyq [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of a comprehensive school].-Almaty: Atamura, 2017, 162-bet*

11. Kerimbekova B., Qýanyshbaeva Á. *Qazaq ádebieti. Jalpy bilim beretin mekteptiń 5-synybyna arnalǵan oqylyq [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of a comprehensive school].-Almaty:Mektep, 2017, 120-bet*

12. *Babalar sózi: Júz tomdyq [The Word of ancestors: one hundred volumes]. T.75. Ertegiler.-Astana: Fohant, 2010.-332-bet*

13. Áyezov M. *Shygarmalarynyń elý tomdyq tolyq jinaǵy [A complete collection of works of Auezov M. In Fifty volumes].-Almaty: Dáyir, 2014, 28-tom: Maqalalar, zertteýler, ángime, pesa.-440 b.*

14. Bitibaeva Q. *Ádebietti oqytýdyń inovatsialyq ádistemesi, tehnologiasy [Innovative methods of teaching literature, technology].-Astana: Daryn ortalyǵy, 2010.-242 bet*

FTAHP 14.35.51.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.028>

А.Т. Каримова,^{1*} Б.А. Курбанбеков,¹ Али Чорух²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан

²Сакарья университеті, Сакарья қ., Түркия

МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Зертханалық жұмыстар, мектепте, физика пәнін оқыту барысында қолданылатын оқу материалын игерудің қызықты әрі танымдық тәсілі болып табылады. Мақалада қашықтықтан білім беру жағдайында немесе мектепте зертханалық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі болған жағдайда оқыту үрдісінде қолдану үшін жасап шығарылған физика пәні бойынша мектепте заманауи виртуалды зертханалық жұмыстарға шолу жасалады. Жұмыста 2000 жылдан бастап жарияланған бірқатар шетелдік дереккөздерге талдау жасалады, оқытуға арналған виртуалды жүйелерінің артықшылықтары мен кемшіліктері зерттеліп, салыстырылады. Сонымен қатар болашақ технологиялар мен қосымшаларды жасап шығарудағы тенденциялар анықталып, оларды жүйелі шолу мен бағалауды жүргізу үшін мектепте виртуалды зертханаға қойылатын талаптар тұжырымдалып, виртуалды жұмыстарды бағалау критерийлері ұсынылады. Қашықтықтан білім беру барысында демеуші мұғалім оқушының жанында болмайды. Осы жағдайды ескере отырып, оқушыға психологиялық жайлы ақуал тудыру мәселесі қозғалған. Бұл бағытта оқушы сенімін арттыру жолдары зерттелген. Тым күрделі физикалық есептерді өз бетінше шешу алгоритмінде виртуалды ұғымдарды пайдалана отырып, мәселені жеңілдету жолдары ұсынылған. Қорытындылай келе, авторлар мектепте физиканы оқытудағы виртуалды зертханалардың негізгі кемшіліктерін анықтап, осы мәселелерді ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене отырып шешу жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: мектептегі виртуалды зертханалық жұмыстар, мектепте физиканы оқыту, қашықтықтан оқыту, электронды оқыту, субъективті кесте.